

**ЖШС «Али-Аяулым» бөбекжай балабақшасы**

***Әдістемелік  
кеңес хаттамалары***

**2023-2024 оқу жылы**



# ЖШС «Али-Аяулым» бөбекжай балабақшасы

## Әдістемелік кеңес отырысы

### Хаттама №1

**Күні:** 11 қыркүйек 2023

**Тақырыбы:** Оқу үрдісіндегі инновациялық әдістер мен технологиялар

**Жүргізілу түрі:** Презентация

**Әдістемелік кеңес төрайымы:** А.Тагаева

**Хатшы:** А.Токқұлиева

**Қатысқандар:**8

#### Күн тәртібінде:

- 1.Инновациялық технологияларын пайдалану.
- 2.Қазақ тілінде қолданылатын тіл дамыту «Жанды мнемокесте» технология
- 3.Педагог қызметкерлерді аттестаттауға дайындау жұмысының деңгейі
- 4.Ағымдағы мәселелер

#### I.Тыңдалды:

Әдіскер А.Тагаева-Қазіргі білім беру үрдісі өзгерді,саналы білім беруде жаңа көзқарастар пайда болды және біздің алдымызға жаңа міндеттер жүктеп отыр . Осы міндеттердің бірі -білім берудің әдіс-тәсілдерін түрлендіріп,жетілдіріп отыру және жаңа инновациялық білім технологиясын меңгеру.Жаңа технология бойынша білімді үнемі бүгінгі жас ұрпақ тәрбиеленушілерге меңгертіп отырсақ , балалардың жаңаша көзқарас үрдісі дамиды . Инновациялық тәсілдерді дұрыс қолдана білу туралы кеңестер уақытылы беріліп, тәрбиешілер ұйымдастырылған оқу қызметтерінде, мерекелік шараларда жаңа технология элементтерін тиімді қолданып жүр.Педагогтар әлі де толықтырып , жандандыру қажет. Бұл тәрбиеленушілердің тапсырманы толық меңгеруіне көмектеседі ,-деді.

#### Сөз сөйледі:

1.Тәрбиеші Х.Жусупова -балабақша -балаға жан-жақты білімді ,тәрбиені беретін,ақыл-ойын дамытатын ,қызығушылығын оятатын баланың екінші отбасы.

Балабақшада қолдануға тиімді технологиялар:

- 1.Монтессори технологиясы
- 2.Жобалау технологиясы
- 3.ТРИЗ(ӨТШТ) технологиясы
- 4.Денсаулық сақтау технологиясы .Интерактивті технологияны қолдану арқылы тәрбиеші мен бала арасында екі жақты байланыс.

## **Қаулы:**

1.Иновациялық технологияларды барлық ұйымдастырылған әс-әрекетінде қолданысқа енгізілсін.

## **II.Тыңдалды:**

Тәрбиеші: М.Исахова -балаларды қоршаған орта туралы алған білімдерін тиімді есте сақтату. Балаларды ойын түрінде кестелер арқылы қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс анық айтқызу .Балалардың шығармашылық елестетуін ,көру зейінін дамыту ,дыбысты есту, өздері дыбыстау арқылы қызықтыра есте сақтап, дұрыс дыбыстауын үйрету. «Жанды мнемокесте» арқылы жаңылтпаш ,мақал-мәтел, өтірік өлең,нақыл сөз, өлеңдерді оңай жаттап алуына ыңғай жасау. Қазақ халқының құндылықтарына қызығушылық танытуына жағдай туғызу.Берілген сұрақтарды тыңдау және жауап беру. Балаларды әдепті ,дұрыс амандасып қоштасуды үйретуді жалғастыру. Жанды мнемокесте технологиясының міндеттері:

- есте сақтау қабілетін дамыту;
- логикалық ойлауды дамыту;
- бейнелік ойлауды дамыту;
- жалпы білімдік мақсаттарды жүзеге асыру;
- тапқырлықты дамыту,зейінді жаттықтыру;
- түрлі жағдайларда өзара байланыс табуға дағдыландыру;

**Күгілетін нәтиже:** Балалар қазақша сөздерді анық дұрыс айтады. Жаңылтпаш , өтірік өлең , мақал-мәтел ,нақыл сөз, өлеңдерді жатқа айтады . Қазақ халқының құндылықтарын жетік меңгереді . Қазақ тілінде сөздік қорын кеңейтеді. Ортада өз ойын еркін жеткізеді . Бір-бірін бағалай алады.

## **Сөз сөйледі:**

1.Тәрбиеші Н.Тулегенова – «Кез келген тілді оқытуда әдіс-тәсілдерді пайдаланудың маңызы зор. Бүгінгі күні қазақ тілін оқыту барысында сол әдіс - тәсілдерді одан әрі жетілдіру міндеті тұр. Ол үшін тілге үйретіп ,тілді дамытатын әдістердің тиімділігін арттыру керек . Сол тиімділікті арттыру шарттардың бірі-сабақта әр түрлі әдістер мен құралдарды пайдалану . Бұл үшін әдістеме шеберлік қажет»

## **Қаулы:**

1.Балаларды ойын түрінде кестелер арқылы қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс анық айтқызуды жалғастыру.

## **III.Тыңдалды:**

Педагог қызметкерлерді аттестаттауға дайындау жұмысының деңгейі әдіскер А.Тагаева 2023-2024 оқу жылында аттестаттауға өтініш берген педагогтар өздерінің жоспары бойынша мерекелік шаралары мен ұйымдастырылған ашық іс-әрекеттерін уақытылы өтіп ,аудандық және облыстық ,қашықтықтан өткен

республикалық сайыстарға қатысты. Педагогтардан сауалнамалар алынып, аттестаттау ережесімен таныстырылды. Келесі кезекте аттестаттау папкасын сараптау комиссиясына ұсыну қажет, - деді.

### **Сөз сөйледі:**

1. Тәрбиеші Ж. Досанбекова - педагогтерді аттестациялау олардың атқаратын лауазымына сәйкестігі мен қызметтегі перспективасын анықтау, олардың кәсіптік даярлығының, құқықтық мәдениетінің деңгейін, азаматтармен жұмыс істеу қабілетін бағалау мақсатымен жүргізіледі.

### **Қаулы:**

Аттестатталушы педагогтардың құжаттарын жинақтап, сараптау комиссиясына ұсынуға дайындау.

### **IV. Тыңдалды:**

Ағымдағы мәселелер бойынша әдіскер А. Тагаева алда жасалатын жұмыстарға тоқталып өтті. Қаңтар айында ата-аналарға қыс мезгіліне байланысты берілетін кеңестер ата-аналар бұрышына уақытылы ілініп, мәліметтер берілуін және қаңтар, ақпан айында жоспарланған ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерінің уақытылы өтілуін, оған барлық педагог-тәрбиешілер қатысып, өзара ұйымдастырылған оқу қызметіне қатысу парағын толтырып отыруларын айтты.

Балаларға жол ережесін үйрету, балалармен өтетін спорттық сайысына тыңғылықты дайындалуларын, балабақша мен мектеп сабақтастығы, ересек топ балаларының мектеп кітапханасына саяхатқа баруы, оны дұрыс ұйымдастыру туралы айтып, әрбір өткізген шараларының есебін уақытылы тапсырып отыруларын айтты.

**Әдістемелік кеңес төрайымы:**

**Хатшы:**



**А. Тагаева**

**А. Тоққұлиева**

# ЖШС «Али-Аяулым» бөбекжай балабақшасы

## Әдістемелік кеңес отырысы

### Хаттама №2

**Күні:** 8 қаңтар 2024

**Тақырыбы:** «Күзиретті педагог-жаңа формация педагогы»

**Жүргізілу түрі:** Пікірталас

**Әдістемелік кеңес төрайымы:** А.Тагаева

**Хатшы:** А.Токқұлиева

**Қатысқандар:** 8

#### Күн тәртібінде:

1. №1 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы.
2. Тәрбиеленушілер жетістігі-ізденімпаз ұстаз еңбегінің нәтижесі.
3. Педагогтар портфолиосын рәсімдеу.
4. Өз бетімен білім алу-педагогтардың кәсіби біліктілігін қалыптастырудың құралы .
5. Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізудің әдістемелігімен таныстыру.
6. Ағымдағы мәселелер.

#### I.Тыңдалды:

№1 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы бойынша әдіскер А.Тагаева мектепке дейінгі балаларды тәрбие мен оқытудың бағдарламасының және стандарт талаптарының орындалуы бойынша жұмыстар бақылауға алынып, балалардың сөздік қорын дамыту жұмыстары жүйелі жүргізіліп жатқаны анықталды. Вариативтік компонент бағдарламалары күннің екінші жартысында кестеге сай жүргізілуде . «Ботақан» ересектер тобында ертегіні айту, сахналау жұмыстары қолға алынуда. Мамыр айында өтетін балабақшамен қоштасу кешінде балалар ертегіні сахналап қойып беруге дайындалуда,- деді.

#### Шешім:

- 1.Өткен әдістемелік бірлестік отырысының шешімі қанағаттанарлық деп танылсын.

#### II.Тыңдалды:

Тәрбиеленушілер жетістігі-ізденімпаз ұстаз еңбегінің нәтижесі әдіскер А.Тагаева «Келер ұрпақтың алдында зор жауапкершілік арқалап келеміз» демекші үлкен тапсырыстарды артып отыр. Еліміздің болашағы көркейіп , өркениетті елдер қатарына қосылуы, бүгінгі ұрпақ бейнесімен көрінеді. Сонымен қатар, тәрбиеші сіздер тәрбиеленушілерді үнемі сайыстар мен

байқауларға қатыстырып,жұлделі орындар алуға ұмтылдыру қажет. Бұл жағдайда ата-аналармен жұмысты күшейту керек. Сіздерге тек жалықпай, ізденісін тоқтатпай ұстаздықтың ұлы жолында ұлы абыройға кенеліп,балаларды тәрбиелей беруге зор тілек білдіреміз,-деді.

**Сөз сөйледі:**

**1.Қаулы:**

1.Педагогтардың түрлі сайыстарға қатысуын бақылау.

**III.Тыңдалды:**

Педагогтер портфолиосы рәсімдеу әдістемелік бірлестік жетекшісі А.Тагаева педагог портфолиосы – педагогтардың кәсіби деңгейін көрсетуші материалдарды тіркеп жинақтау және өзінің кәсіптік қызметінің міндетін шешу қабілеті болып табылады . Педагогтың портфолиосы арнайы папкада жинақталады. Портфолиода педагогтың жетістіктері, басылымға жіберілген мақалалар , ашық ұйымдастырылған оқу қызметтері мен презентациялар , өз білімін жетілдіру тақырыбы бойынша ұйымдастырылған іс-«әрекетте қолданылатын әдістер , технологиялар көрсетіледі . Портфолио жинақтаудың басты міндеті - әрбір педагог өзінің кәсіби құзіретін бағалау үшін практикалық қызметтің барынша маңызды нәтижелерін көрсету , орындалған жобалар , конкурстарға қатысу , педагогикалық жүргізген зерттеулер. Портфолио педагогтың жұмыс нәтижесін талдауға , жалпылауға , жүйелеуге ,өз мүмкіндіктерін объективті түрде бағалауға және қиындықтардан шығу жолын табуға , жоғары нәтижелерге жету жолындағы іс-әрекеттерін жоспарлауға мүмкіндік береді ,-деді.

**Сөз сөйледі:**

1. Тәрбиеші М.Исаховаға – жетекші Н.Тулегенова әдістемелік бірлестік жетекшісі ретінде педагогтарға портфолио жинақтаудың үлгісін беріліп, түсіндірілді. Қазір педагогтарға портфолиоларын жинақтап , дайындап қойды.

**Қаулы:**

1. Педагогтардың портфолиоларын толықтырып , педагогикалық кеңеске дайындау.

**IV.Тыңдалды:**

Өз бетімен білім алу- педагогтардың кәсіби біліктілігін қалыптастырудың құралы жетекші А.Тоққұлиева – «Ұстаз жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінген , көрген, естіген және аңғарған нәрселердің бәрін жадында жақсы сақтайтын , бұлардың еш нәрсені ұмытпайтын алғыр да , алғарымпаз , ақыл иесі ,... мейлінше шешен, өнер білімге құштар , аса қанағатшыл , жаны асқақ және ар намысын ардақтайтын , жақындарына да жат адамдарына да әділ , жұрттың бәріне жақсылық пен ізгілік көрсетіп ,қорқыныш пен дасқану дегенді білмейтін батыл , ержүрек болу керек» - деген Әл-Фараби . Тәрбиеші әрдайым даму үстінде сондықтан өзінің еңбек жолының барлығында зерттеуші

болып табылады. Әсіресе тәрбиешінің кәсіби шеберлігін қалыптастыру барысында ғылыми-әдістемелік іс-әрекет үлкен әсерін тигізеді. Бұл іс-әрекет болжамы: білім саласында болып жатқан қазіргі кездегі өзгерістермен әрдайым танысу: өз әріптестерінің әртүрлі формадағы ұйымдастырылған іс-әрекетте ұйымдастыру тәжірибесін оқып үйрену; жаңа білім тұжырымдамасымен, бағдарламаларымен т.б танысу. Өзінің педагогикалық шеберлігін арттыру үшін педагог әртүрлі курстарға қатысады, сол сияқты өз білімін арттырумен шұғылданады. Өзіндік білім жетілдіру мақсатының өзі оқыту мен тәрбиелеудің әдістерін жетілдіру мақсатында жалпы педагогикалық және психологиялық білімді оқып-үйрену. Өз білімін арттыру педагогтың тұрақты іс-әрекеті болғандықтан, оған кіретіндер: белгілі мәселеге байланысты ғылыми зерттеу жұмысы; кітапханаға бару, ғылыми-әдістемелік және оқу кітаптарын оқу; педкеңеске, әртүрлі семинарларға қатысу; өз әріптестерінің ұйымдастырылған оқу қызметтеріне қатысу, ұйымдастырылған оқу қызметтерін жүйелі ұйымдастыру; қазіргі білім беру технологияларының негіздерін оқып-үйрену болып табылады. Бізде барлық педагогтар өзіндік білім жетілдіру напқаларын дайындап, өз тақырыптарына байланысты педагогикалық кеңестерде, әртүрлі сайыстарда баяндамаларымен бөлісіп келеді,-деді.

#### **Сөз сөйледі:**

1. Әдіскер А. Тагаева – ҚР «Білім» тіралы Заңының 51-бабының 5-тармағында «Мұғалім өзінің педагогикалық шеберлігін, парасаттылығын, шығармашылық және жалпы ғылыми деңгейін үнемі жетілдіріп отыруға міндетті», - делінген. Педагогтың еңбегі жоғары деңгейдегі ұтқырлығымен, күрделілігімен және жан-жақтылығымен ерекшеленеді, бұл оның терең және кәсіптік білімінің, білік-дағдыларының болуын қажет етеді. Өзіндік білім алудың шеңберінен тыс педагогтың тұлғалық және кәсіптік дамуы мүмкін емес. Сондықтан үнемі ізденіс үстінде болуларыңыз қажет,-деді.

#### **Қаулы:**

1. Педагогтардың өзіндік білім жетілдіру тақырыптары бойынша шығармашылық есеп дайындалсын.

#### **V. Тыңдалды:**

Әдіскер А. Тагаева – мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізудің әдістемелігімен таныстыру мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізудің әдістемелігі шықты. Әдістемелікке кішкене өзгерістер баршылық. Мониторнг жүргізу кіші жас топтан басталады. Аталған топта Бастапқы бақылау үшін индикатор иектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған кіші жас топтың күтілетін нәтижелері болып табылады. (1 қосымша). Басқа топтар үшін Бастапқы

бақылаудың индикаторлары алдыңғы жас топтарының күтілетін нәтижелері болып табылады. Педагог баланың біліктері мен дағдыларының даму деңгейі бойынша диагностика нәтижелерін Бақылау парағыма енгізеді. Аралық бақылау I жартыжылдық қорытындысы бойынша жүргізіледі, ол әр баланың біліктері мен дағдыларының даму деңгейінің динамикасын анықтайды. Қорытынды бақылау II жартыжылдық соңында өткізіледі, ол Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында анықталған балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейіне сәйкестілігін айқындауға мүмкіндік береді деп мониторинктегі өзгерістерге тоқталып өтті.

### Қаулы:

1. Тәрбиеленушілерден алынатын қорытынды мониторинг мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізудің әдістемесін негізге алып жүргізілсін.

### VI. Тыңдалды:

Ағымдағы мәселелер әдіскер А. Тагаева – алда жасалатын жұмыстарға тоқталып өтті. Наурыз айында өтетін аналар мерекесі, наурыз мерекесіне байланысты құттықтаулар, көрмелер ата-аналар бұрышына уақытылы ілініп, мәліметтер берілуін және наурыз, сәуір айында жоспарланған ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерінің уақытылы өтілуін, оған барлық педагог-тәрбиешілер қатысып, өзара ұйымдастырылған оқу қызметіне қатысу парағын толтырып отыруларын және наурыз мерекесі қарсаңында өтетін «Аталар сайысына» дайындалу, ата-аналармен сөйлесіп, қатысушылардың мәліметін әдіскерге алдын ала ұсыну қажеттігін айтты. Әрбір өткізген іс-шараларды басылым беттеріне беріп отыру сіздердің портфолиоңы толықтыруларыңызға қажет, - деді.

Әдістемелік кеңес төрайымы:

Хатшы:



А. Тагаева

А. Токқулиева

# ЖШС «Али-Аяулым бөбекжай балабақшасы

## Әдістемелік кеңес отырысы

### Хаттама №3

Күні: 05.03.2024ж

Қатысқандар: 8

#### Күн тәртібінде:

1. «Мектепке дейінгі ұйымда салауатты өмір салтын қалыптастырудың маңызы» Баяндама
2. Өткізілген ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттің қортындысы.
3. Ағымдағы мәселелер.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша орталық медбикесі Ж.Айтова бала денсаулығының мықты болып қозғалыс, дене құрлысының дұрыс жетілуі бақша жасына дейінгі кезеңде қалыптасатындығын айтып өтті. Сондықтан бала ағзасының қызметін жетілдіру қабілетін арттыру осы кездегі ең басты міндет болып табылады деді. Бұл міндеттердің маңыздылығы мынада ағзаның қорғаныс қабілеті нашар қалыптасқан кішкентай балалар сыртқы ортаның қолайсыз әсерлеріне тез ұшырайды. Сондықтан сүйектің, буынның дұрыс әрі өз мерзімінде жетілуіне бел омыртқаның физиологиялық иіндерінің қалыптасуына табан дөңістерінің дұрыс жетілуіне тыныс алудың тереңдігі мен ырғақтылығы тыныс алуды қозғалыспен үйлестіруге мүмкіндік жасап, үнемі ықпал ету қажет деп атап өтті. Жаңа стандарт негізінде бақша жасына дейінгі баланы шынықтыру-сауықтыру шаралары «физикалық қасиеттерін дамыту» бағытында көрсетілгендей балалардың өз денсаулығына саналы сөз қарасын тәрбиелеу денсаулықтың адамға берген басты құндылығы екенін түсіндіру қозғалыс белсенділігін дамыту және физиологиялық қасиеттерін қалыптастыру деп атай келе берілген баяндаманы егжей – тегжейлі тәрбиешілерге түсіндіріп өтті.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері А.Тагаева топтарда өткізілген ашық сабақ ұйымдастырылған іс-әрекеттің өз дәрежесінде жақсы өтілгендігін балалардың коммуникативтік тынымдық және шығармашылық дағдыларын дамытуда балалардың сөйлеу мәнерінің дамуына, оң – өрісінің дамуына үлкен септігін тигізетіндігін айттып өтті. Алдағы уақытта осындай ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттерге барлық педагог тәрбиешілердің қатысып, ой түртіп алуын ескерте кетті. Сонымен қатар сабақ барысында көрнекіліктердің өте керемет екендігін балалардың назарына тәрбиелеп бірден өзіне қарау жағдайының бар екендігін айтып өтті, бұл дегеніміз балалардың сабаққа қызыға қарайтындығын көп нәрсені ойына түйетіндігі болып табылады.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша ағымдағы туындаған мәселеріне тоқталды. Наурыз айында болатын 22-Наурыз күні қарсаңында ата-аналармен көрме ұйымдастыру, топтарда ата-аналар бұрыштарына құттықтау ілу, балаларға Наурыз туралы мағлұматтар беру жоспарланып отыр. Осы орайда барлық топтарда тәрбиелік

іс-шаралар жоспар бойынша өткізілді. Сонымен бірге мерекесінің Наурыз мерекесіне арналған сценарий дайындау, топтарда дайындық жұмыстарын жүргізу музыка жетекшісіне жүктеледі, ал тәрбиешілер музыка жетекшісімен бірге дайындық жұмыстарын жүргізіп, бекітілген кесте бойынша топтардың тәрбиелік іс-шарасын өткізді. Топ тәрбиешілері жоспарға сай ата-аналар жиналысын өткізіп, хаттамаларын уақытылы толтырулары қажет.

### Шешім:

1. Балабақшада салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында сауықтыру-шынықтыру шаралары қолға алынсын.
2. Жас мамандар ашық ұйымдастырылған іс-әректтер мен тәрбиелік шараларға қатысу тәлімгерлерге жүктелсін.
3. Ата-аналармен кезекті ата-аналар жиналысын өткізіп, хаттамалары уақытылы толтырылсын.

Әдістемелік кеңес төрайымы:

Хатшы:

А. Тагаева

А. Токқүліева



# ЖШС «Али-Аяулым бөбекжай балабақшасы

## Әдістемелік кеңес отырысы

### Хаттама №4

Күні: 07.05.2024ж

Қатысқандар: 12

#### Күн тәртібінде.

1. Қоршаған ортамен танысу, экология негіздері арқылы баланың эстетикалық талғамын қалыптастырудың маңызы.
2. Өткізілген іс-шаралар қортындысы.
3. Ағымдағы мәселелер.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша әдіскер А. Тагаева сөз алды. Табиғатқа деген сыйды жоғалту адамзаттың адамгершілік құндылықтарын жоғалтуға әкеліп соқтырады. Қазіргі уақтағы әлемдегі экологиялық жағдай адам көзқарасының өзгеруін талап едеді. Экологиялық тәрбие мектепке дейінгі жастап басталуы тиіс, себебі балалық шақтың осы кезеңінде бала табиғат туралы эмоционалды әсерде болады, өмірдің әртүрлі нысандары туралы түсінік, яғни өсіпкеле жатқан ұрпақта жаңа экологиялық ойлаудың, сананың негіздері қалыптасады, экологиялық мәдениеттің бастапқы элементтері қаланады.

Экологиялық тәрбие жұмысын жүргізу, оқытудың негізгі формалары бақылау, қызықтау, серуен болып табылады. Тәрбиешінің табиғи нысандары мен табиғат құбылыстарын бақылауды ұйымдастыруы, балаларды табиғатпен таныстырудың негізгі мәселесі болып есептеледі. Қызықтау кезінде балаларды таза ауада, көз тартар әдемі гүлдер мен ағаштар арасында болуы көтеріңкі көңіл-күймен қатар табиғат сұлулығын сезіне білуіне зор әсер ететіні анық. Ал серуен кезінде, тәрбиеші балаларды табиғатпен таныстырып, өсімдіктерге су құю, құрғақ жапырақтарды бірге жинау, ағаш түптерін тазалау.

Мұндай еңбек түрлерін орындау, балалардың еңбекке деген жауапкершілік сезімдерін дамытып, ынтасын арттырады. Экологиялық тәрбие жұмысын ұйымдастыруда тәрбиешінің негізгі салалары болып табылатын адамгершілік, эстетикалық еңбек, имандылық тәрбиелерімен сабақтаса жүргізу басшылыққа алынады. Балаларға мазмұнда көрсетілгендей өлі және тірі табиғатпен одан әрі таныстырып, табиғат құбылыстары жайында бастапқы жалпылама, ұйымдарды нақты түрде меңгеру ұсынылады. Қорытындылай келе мектеп жасына дейінгі балаларға өз табиғатымызды сақтап, оның әсемдігімен таныстыра отыра, өзіміздің өмір сүруімізге зор әсер ететіндігін, табиғат пен адамдар тығыз байланыста екендігін, бір-бірінсіз тіршілік болмайтынын түсіндіре отыра қоршаған ортаға деген қызығушылықтарын арттыруға, қамқор болып, қорғауға тәрбиелеуіміз керек.

Сонда ғана табиғатымыздың ауасы таза, берер күдіреті көп болмақ деген ойдамын деп баланың эстетикалық талғамының, табиғатқа деген әсем сезімнің қалыптасуының маңызын түсіндіріп өтті.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі:

А. Тагаева өткізілген ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер мен тәрбиелік іс-шаралар барлық топтарда өз деңгейінде өтті. Тәрбиелеу білім беру процесінде жеке тұлға қалыптастыру бағытындағы барлық дағдылар толық қамтылған. Балалардың қимыл –қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруда жақсы жұмыстар атқарылған. Осы орайда барлық топ тәрбиешілерінің жұмыстарын атап көрсетуге болады. Алдағы уақытта осындай ашық сабақтарда жас мамандардың мұқият қатысып, ой түртіп алуын ескерте кетті. Сонымен қатар ашық оқу қызметінде көрнекіліктердің өте керемет екендігін, балалардың назарын тәрбиеші бірден өзіне қарату жағдайының бар екендігін айта өтті, бұл дегеніміз балалардың сабаққа қызыға қарайтындығын көп нәрсені ойына түйетіндігін айта өтті.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша әдіскер ағымдағы мәселелер бойынша алдағы атқарылатын жұмыстарға тоқталып өтті. Мамыр айында ата –аналарға жаз мезгіліне байланысты берілетін кеңестер ата-аналар бұрышына уақытылы ілініп мәлімметер берілуін және маусым, шілде айында жоспарланған ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттерінің уақытылы өтілуін, оған барлық педагог-тәрбиешілер қатысып, өзара ұйымдастырылған іс-әрекетке қатысу парағын толтырып отыруларын айтты. Балаларға жол ережесін үйрету, балалармен өтетін спорттық сайысына тыңғылықты дайындалуларын, оны дұрыс ұйымдастыру туралы айтып, әрбір өткізген шараларының есебін уақыттылы таныстырып отыруларын айтты.

Шешім:

1. Экологиялық тәрбие жұмысын ұйымдастыруда тәрбиенің негізгі салалары болып табылатын адамгершілік, эстетикалық еңбек имандылық тәрбиелерімен сабақтаса жүргізу қолға алынсын.
2. Жас мамандар ашық ұйымдастырылған іс –әрекетке қатысуы тәлімгерлерге жүктелсін.
3. Жаз мезгілінде ата-аналарға байланысты берілетін кеңестер ата-аналар бұрышына уақытылы ілінсін

Әдістемелік кеңес төрайымы:

Хатшы:



А. Тагаева

А. Токқулиева